

Қосымша № ____

«Самрук -Энерго» Акционерлік қоғамының
директорлары кеңесінің шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

»

Хаттама № ____

«____» _____ 2008 жылы

**«МАҢҒЫСТАУ ЭЛЕКТРТОРАПТЫҚ БӨЛУ КОМПАНИЯСЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ**

Қазақстан Республикасы

1 Бап. Жалпы ережелер

1.1 Осы «Маңғыстау электртораптық бөлу компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) Жарғысы оның атауын, мекен жайын, ұйымдастыру тәртібін және оның органдарының құзыретін, қайта ұйымдастыру және қызметін тоқтату шарттарын және басқа ережелерді, Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа шарттарды да анықтайды.

1.2. Қоғамның толық атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Маңғыстау электртораптық бөлу компаниясы» акционерлік қоғамы;

2) орыс тілінде: акционерное общество «Мангистауская распределительная электросетевая компания»;

3) ағылшын тілінде: Joint Stock Company «Mangistau Electricity Distribution Network Company».

1.3. Қоғамның қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде: «МЭБК» АҚ;

2) орыс тілінде: АО «МРЭК»;

3) ағылшын тілінде: JSC «MEDNC».

1.4. Қоғам атқару органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, құс фабрикасы ауданы.

2 Бап. Қоғамның заңды мәртебесі

2.1. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қоғам заңды тұлға болып табылады, оның дербес балансы, банктердегі есепшоптары бар, өз атынан мүліктік және мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді иеленеді, сотта талап арыз беруші және жауапкер бола алады.

2.2. Қоғамның өз атауы жазылған мөрі, бланктері және өз қызметтерін жүзеге асыруға қажетті басқа деректері бар.

2.3. Қоғам өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) және Қазақстан Республикасының басқа заңдарына және осы Жарғыға (бұдан әрі - Жарғы), корпорациялық басқару Кодексіне және қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

2.4. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртібі бойынша басқа ұйымдарды құруға және олардың қызметтерін атқаруға арналған жұмыстарға қатысатын құқығы бар.

2.5. Қазақстан Республикасының заңды актілермен ескертілген тәртіп бойынша басқа аймақтарда орналасқан заңды тұлға емес және қоғамның атынан және тапсырмасы бойынша қоғамдар туралы ережелерге негізденіп қызмет атқаратын филиалдарын және өкілдіктерін құруға қоғамның құқығы бар.

3 Бап. Қоғамның және акционерлердің жауапкершілігі

3.1. Қоғам өз міндеттері бойынша өзіне тиесілі мүлікпен жауап береді.

3.2. Акционерлер Қоғамның өзіне алған міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қоғам қызметіне байланысты келген залалдарға өздерінің акциялар құны шегінде тәуекел етеді, Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жағдайларды алып тастағанда

3.3. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сонымен қатар мемлекет қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

4 Бап. Қоғам қызметінің негіз түрлері

4.1. Қызметтің негіз түрлері:

1) электр энергияны табыстау, бөлу;
2) жабдықтардың, қондырғылардың, құрылыстардың және табыстау қондырғылардың сенімді, үздіксіз жұмыстарын ұйымдастыру сонымен қатар тағы басқа Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдары арқылы тыйым салынбаған қызмет түрлері болып табылады

4.2. Қоғамның тізбесі заңдық актілермен анықталған бөлек қызмет түрлерімен тек қана лицензияны негізденіп айналысуға мүмкіншілігі бар.

5 Бап. Қоғам мүлкі

5.1. Қоғам мүлкі:

1) қоғам акцияларының ақысын төлеу үшін табысталған мүлік;
2) қызметтен алынған табыс;
3) Қазақстан Республикасының заңдармен тыйым салынбаған негіздемелерді қолданып сатып алған басқа мүлік есебінен құрылады

5.2. Қоғамның жарғылық капиталы Қазақстан Республикасы заңымен бекітілген жарияланған акцияларды орналастыру тәртібі бойынша көбейтіледі

6 Бап. Қоғамның бағалы қағаздары.

6.1. Қоғамның бағалы қағаздарды шығаруға хұқығы бар, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңына сәйкес айырбасталымды бағалы қағаздарды.

6.2. Акционерге жай акция бүкіл мәселелерді дауыс беріп шешетін кезде жалпы акционерлер жиналысына қатысып дауыс беруге, жалпы акционерлер жиналысының тиісті шешімін негізденіп қоғамның таза табысы болған кезде дивиденд алуға хұқық береді, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңдарымен бекітілген тәртібі бойынша қоғамды таратқан кезде қоғам мүлікінің бөлігін алуға хұқық береді.

Жылдың, тоқсанның немесе жарты жылдың қортындысына қарай дивидендтерді қоғамның жай акциялар бойынша төлеуге болады.

6.3. Қоғамның артықшылықты акциясы оның иесіне:

1) жай акция иеленушілер болып табылатын басқа акционерлерге қарағанда күні бұрын анықталған кепілдікті акциялардың атаулы құнынан 10% мөлшерін алуға артықшылықты құқығын береді;

2) Қазақстан Республикасының заңдарымен бекітілген тәртібі бойынша қоғамды таратқан кезде қоғам мүлікінің бөлігін алуға құқығын береді.

Артықшылықты акциясы акционерге қоғамды басқаруға қатысу құқығын бермейді, заңдармен белгіленген басқа жағдайларды алып тастағанда.

6.4. Қоғамда «алтын акцияны» еңгізуге тиым салынады

7 Бап. Акционерлердің құқықтары мен міндеттері.

7.1. Қоғам акционерінің:

1) Заңмен және осы жарғымен ескерілген тәртіп бойынша қоғамды басқаруға;
2) дивидендтерді алуға;
3) жалпы жиналысында немесе осы жарғымен анықталған тәртібі бойынша қоғамның қызметі туралы мәліметтерді алуға, сонымен қатар қоғамның қаржылық есебімен танысуға;

4) қоғам тіркеушіден немесе атаулы иесінен оның бағалы қағаздарға меншіктену құқығын растайтын үзінді көшімесін алуға;

5) акционерлердің жалпы жиналысқа қоғамның директорлар кеңесіне сайлануға кандидатураларды ұсынуға;

6) қоғам органдарымен қабылданған шешімдерді сот арқылы даулауға;

7) қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және қоғамға сұрау түскен күннен бастап отыз күннің ішінде уәждемелік жауаптар алуға, егер сұрауда басқа мерзімдер белгіленгенбесе;

8) қоғам таратылған кезде мүліктің бөлігіне;

9) Заңмен тағайындалған тәртіп бойынша қоғамның акцияларына айырбасталымды, Заңдық актілермен қамтылған басқа жағдайларды алып тастағанда ол қоғамның акцияларын немесе басқа бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;

10) өзінің құқығы бұзалған үшін заңмен тағайындалған тәртіппен өтемақыны алуға;

11) Ірі акционердің негізгі құқықтарын және Қоғамды басқару корпоративтік саясатын сақтау жөніндегі мәселелерді Қоғамның өкілдеріменен талқылауға;

құқығы бар

7.2. Ірі акционердің сонымен қатар:

1) кезектен тыс акционерлердің жалпы жиналысын шақыруға немесе директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан кезде аталмыш жиналысты шақыру үшін сотқа талап етуге;

2) Заң бойынша акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша сұрақтарды еңгізуді ұсынуға;

3) директорлар кеңесінің мәжілісін шақыруға талап етуге;

4) аудиторлық ұйымнан қоғамның өз есебіне аудит жүргізуді талап етуге

құқығы бар

7.3. Қоғамның Акционері:

1) акциялардың құнын төлеуге;

2) қоғамның тіркеушісіне және акциялардың атаулы иесіне он күннің ішінде қоғам акциялары иелерінің тіркеу кітаптарының жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтерді өзгерту туралы хабарлауға;

3) қызмет, коммерциялық немесе басқа заң арқылы қорғаулатын құпия деп табылатын қоғам немесе қоғамның қызметі туралы мәліметтерді жария етпеуге; міндетті

4) Қазақстан Республикасының Заңына және басқа заңдық актілерге сәйкес басқа міндеттерді орындау.

8 Бап. Таза табысты бөлу тәртібі. Дивидендтер

8.1. Қоғамның иеленуінде қоғамның таза табысы (салық және басқа бюджетке міндетті түрде төленетін төлемдер) қалады және акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен анықталған тәртібі бойынша бөлінеді, оның ішінде дивидендтерді төлеуге, қоғамды дамытуға немесе басқа мақсаттарға үлестіріледі.

8.2. Акционердің меншігіндегі акциялар бойынша қоғам арқылы акционерге төленетін табыс дивиденд болып табылады.

8.3. Қоғамның акциялары бойынша төленетін дивидендтер ақшалай немесе қоғамның бағалы қағаздармен төленеді, бірақ дивидендтерді төлеу туралы шешім акционерлердің жалпы жиналысында қоғамның дауыс беретін акциялармен жай көпшілікпен қабылдану керек, артықшылықты акциялардың дивидендтерін алып тастағанда (есепке алмағанда)

8.4. Жай акцияларға есептелетін жылдың қорытындысында дивидендті төлеу шешім акционерлердің жалпы жиналысында қабылданады.

Жалпы жиналыс жылдың қорытындысында дивидендтердің мерзімін тағайындайды.

Қоғам акцияларға есептелетін тоқсан қорытындысы бойынша немесе жарты жылдық төлеулер тек акционерлердің жалпы жиналыстың шешімі бойынша жүргізіледі.

8.5 Орналастырылмаған акциялар бойынша немесе қоғаммен сатылып алынбаған кезде, сонымен қатар сот шешімімен қабылданған немесе акционерлердің жалпы жиналысында қоғамды таратуға шешім қабылданса дивиденд төленбейді.

8.6.Келесі жағдайларда дивидендтер жай және артықшылықты акциялар үшін төленбейді:

1) меншік капиталдың мөлшері теріс болса, немесе дивидендтің мөлшері төленгеннен кейін теріс болатын болса;

2) егер қоғам Қазақстан Республикасының заңы бойынша төлеуге қабілетсіз болса, немесе дивиденд төлегеннен кейін қабілетсіз болса;

8.7. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша қоғамның жай акцияларға есептелетін дивидендті төлеуге құқығы бар, ол шешім он күннің ішінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жарияланады.

8.8. Дивиденд төлеу жөнідегі шешімі шыққан күнінен бастап он күннің ішінде жай акцияларға дивидендті төлеу туралы шешім ақпарат бұқаралық құралдары арқылы жарияланады.

8.9. Дивидендтерді жай акцияларға төлеу туралы шешім келесі мәліметтерді анықтайды:

1) қоғамның банк деректері, атауы, орны;

2) дивиденд төленетін мерзім;

- 3) дивиденд мөлшері (бір жай акцияға);
- 4) дивидендті бастап төлейтін күні;
- 5) дивиденд төлеу тәртібі, тәсілі.

8.10. Артықшылықты акцияларға дивидендті төлеу үшін органның шешімі керек жоқ, жарғының 8.6 б. шарттарын алып тастағанда.

8.11. Жиналыста жылдық қаржы есепті бекіткеннен кейін артықшылықты акцияларға оның номиналдық құнынан есептелетін 10% дивиденд мөлшері жылына бір рет төленеді.

Артықшылықты акцияларды толық төлеп болғанша, жай акцияларға дивиденд төлеу басталмайды.

8.12. Артықшылықты акцияларға дивиденд төлердің алдында бұқаралық ақпараттар арқылы 5 жұмыс күн бұрын жарғының 1), 2), 4), 5) 8.9 б сәйкес мәліметтер және дивиденд мөлшері туралы ақпарат жарияланады.

8.13. Акционерлердің төленбеген дивидендтерді мерзімге қарамай талаптануға құқығы бар.

Егер дивиденд төленбесе, негізгі сомаға өсемақы Халық банкінің қайта қаржыландыру мөлшермесін есепке алып төленеді.

8.14. Жарғының 8.5 б. бойынша әрекеттерді туғызу қоғамдың несиегерінің мүддесіне зиян келтірген деп саналады және мүдделі тұлға қуыным салса ол әрекеттер заңсыз деп танылуы мүмкін.

9 Бап. Қоғам органдары

9.1. Қоғам органдары:

- 1) жоғарғы орган – **акционерлердің жалпы жиналысы (егер дауыс беру акциялардың бәріне бір акционер ие болса – сол акционер);**
- 2) басқару органы – **директорлар Кеңесі;**
- 3) атқару орган - **Басқарма**, қоғамның басқармасы төрағасымен басқарылады;
- 4) Директорлар Кеңесінің шешімімен қаржы-шаруашылық қызметті бақылау үшін ішкі аудиторлық қызмет құрылуы мүмкін.

Акционерлердің жалпы жиналысы.

9.2. Келесі мәселелер акционерлердің жалпы жиналысының айырықша құзыретіне қатысты болып табылады:

- 1) қоғамның жарғысына өзгерістер мен толтыруларды енгізу немесе жаңа редакциясында бекіту;
- 2) корпоративтік басқару кодексін бекіту, сонымен қатар өзгерістер мен толтыруларды енгізу немесе жаңа редакциясын бекіту;
- 3) Қоғамды ерікті түрде қайта құру немесе тарату;
- 4) жарияланған акциялардың санын көбейту немесе таратылмаған жарияланған акциялардың түрін өзгерту;
- 5) бағалы қағаздарды айырбастау тәртібін анықтау, оны өзгерту;
- 6) есеп комиссиясының өкілдік мерзімін және санын анықтау, мүшелерін сайлау және өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату;

7) директорлар кеңесінің санын анықтау, өкілдік мерзімін және санын анықтау, төрағасын, мүшелерін сайлау, мерзімнен бұрын өкілеттіктерін тоқтату, мүшелердің сыйақысының мөлшері мен төлеу шараларын анықтау;

8) қоғамның аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау;

9) жылдық қаржы есепті бекіту;

10) қоғамның есеп беру жылдық таза табысын тарату тәртібін бекіту, жай акцияларға дивиденді төлеу тәртібін, тәсілін, шарттарын қабылдау;

11) жарғының 8.6, 8 б. сәйкес жағдайларда жай және\немесе артықшылықты акцияларға дивиденд төлемеу жөніндегі шешімді қабылдау;

12) қоғамның басқа заңды тұлғаларды құруға барлық активтердің бөлігін 25 немесе одан артық пайызын табыстап қатысу жөніндегі шешімді қабылдау;

13) бұқаралық ақпарат құралдар арқылы акционерлерді жалпы жиналысқа шақыру әдістемесін анықтау;

14) заң бойынша акцияларды сатып алғанда олардың құнын анықтау әдістемесін бекіту, әдістемеге өзгерістерді енгізу;

15) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

16) жарғымен анықталған қоғамның қызметі туралы ақпаратты акционерлерге беру тәртібінің қосымша талаптарын анықтау, олардың күшін жою;

17) директорлар кеңесі туралы ережелерді бекіту;

18) қоғамның бес жылдық стратегиялық даму бағытын бекіту;

19) акционерлердің жалпы жиналысының айырықша құзіретіне қатысты заңға және жарғыға сәйкес басқа мәселелер.

Жарғының 1) 4) б. көрсетілген мәселелер жалпы жиналыстың шешімімен қоғамның дауыс беру акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен қабылданады.

Жалпы жиналыстың басқа шешімдері жай дауыс көпшілігімен қабылданады.

9.3. Егер дауыс беру акциялардың барлығын бір адам иеленетін болса акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмейді. Жалпы акционерлер жиналысының құзыретіне қатысты мәселер ол акционермен жекеше шешіледі және жазбаша түрде ресімделеді, ол артықшылықты акциялармен расталған құқықтарды шектемеген және қысым көрсетпеген жағдайда.

Директорлар кеңесі.

9.4. Директорлар кеңесі Қоғамның жалпы басқару жұмыстарын атқарады, акционерлердің заң және жарғысы бойынша жалпы жиналысының құзыретіне қатысты мәселелерді алып тастағанда.

9.5. Директорлар кеңесінің мүшелері акционерлердің жалпы жиналысында үш жылдан аспайтын мерзімге сайланады. Әр алты рет қатарына дейін Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын мерзім (мысалы, екі үш жылдық мерзімге) Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жанарту қажеттілігін есепке алып ерекше қарастырылады. Бір тұлға Директорлар кеңесіне қатарына тоғыз реттен артық сайлана алмайды (мысалы, үш үш жылдық мерзімге). Айырықша жағдайларда оның тоғыз реттен артық сайлану мүмкіншілігі бар, бірақ ол тұлға Директорлар кеңесіне сайлануды жыл сайын өтеді.

9.6. Директорлар кеңесінің өкілетті мерзімі жалпы жиналыста тағайындалады. Директорлар кеңесінің өкілетті мерзімі жалпы жиналысын шақырғаннан кейін жойылады, сол жиналыста жаңа Директорлар кеңесі сайланады.

Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің немесе мүшесінің өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтаталады. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімнен бұрын өз еркінше жазбаша түрде хабарлағаннан кейін тоқтатылады. Аталмыш Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесіне хабарлама түскен күннен бастап жойылады. Жаңа Директорлар кеңесі мүшесі жалпы жиналыста жиынтықты дауыс беріп сайланады, сонымен қатар оның өкілеттігі жалпы Директорлар кеңесінің өкілеттігімен бірге жойылады.

9.7. Директорлар кеңесінің мүшесі:

- 1) акционерлер – жеке тұлға арасынан;
- 2) акционерлердің мүддесін қорғайтын директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылған тұлғалар арасынан,
- 3) басқа тұлғалар арасынан (жарғының 9.8.бабымен шектелген шарттарды есепке алғанда) сайланады.

Қоғамның акционеріне жатпайтын және Директорлар кеңесіне ұсынылмаған жеке тұлға Директорлар кеңесіне сайлану мүмкін. Ол тұлғалар саны Директорлар кеңесінің елу пайызынан аспайтын болады.

9.8. Қоғам Басқармасының мүшелері, Төрағасын алып тастағанда, Директорлар кеңесіне сайланалмайды. Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланалмайды.

9.9. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны үш кісіден кем болмау керек. Директорлар кеңесі мүшелерінің үшінші бөлігі тәуелсіз директорлар болуға тиісті.

9.10. Директорлар кеңесіне сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңдарымен және Жарғымен тағайындалады.

9.11. Директорлар Кеңесінің Төрағасы акционерлердің жалпы жиналысымен сайланады. Егер директорлар кеңесінің төрағасы жоқ болса оның міндеттерін директорлар кеңесінің шешімі бойынша директорлар кеңесінің мүшесі атқарады.

9.12. Қазақстан Республикасының заңдық актілер және осы Жарғы бойынша Директорлар Кеңесінің Төрағасы:

- 1) директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) директорлар кеңесінің мәжілісін шақырып төрағалықты атқарады;
- 3) жиналыс кезінде хаттама жазуын ұйымдастырады;
- 4) қоғам Басқармасының Төрағасымен еңбек шартты қоғамның атынан жасайды, ол шартта басқарма төрағасының материалдық көтермелеу және жауапкершілігі қоғамның даму жоспарының (орташа мерзімді бизнес жоспар 3 жылғы) орындалуына, қоғамның бюджетіне (бизнес жоспар 1 жылғы) және қызмет қортындысына тікелей байланысты;
- 5) басқарма төрағасының ретінде жұмысқа алуға кандидатураны директорлар кеңесіне ұсынады;
- 6) директорлар кеңесі бекіткен қоғамның ішкі аудиттік қызметінің басшысы ретінде жұмысқа алуға кандидатураны басқарма төрағасына ұсынады;
- 7) жылдық аудит өткізуге аудиторлық ұйыммен қоғамның атынан шарт жасайды;
- 8) қоғамның акционерлеріне заңмен көрсетілген директорлар кеңесінің мүшелеріне және қоғамның атқару органына сыйақының мөлшері және төлеу тәртібі туралы ақпаратты хабарлайды;
- 9) акционерлер жалпы жиналысының немесе директорлар кеңесінің шешімімен тағайындалған, сонымен қатар директорлар кеңесі туралы ережелерге сәйкес басқа функцияларды атқарады.

9.13. Келесі мәселелер директорлар кеңесінің айырықша құзіретіне қатысты болып танылады:

1) қоғамның басым бағытын, қоғамның ұзақ мерзімді стратегиялық даму бағытын акционерлердің жалпы жиналысына ұсынады;

2) жылдық және кезектен тыс акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы шешімді қабылдайды;

3) орналастырған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алу және сатып алу бағасы туралы шешімді қабылдайды;

4) қоғамның жылдық қаржы есебін алдын- ала бекітеді;

5) облигацияларды және туынды бағалы қағаздарды шығару шарттарын анықтайды;

6) басқарма төрағасының және басқарма мүшелерінің өкілеттік мерзімін, санын анықтау, басшылар мен мүшелерін сайлау, өкілеттігін тоқтату;

7) басқарма төрағасының және мүшелерінің еңбекақыларының мөлшерін, еңбек шарттарын және сыйлықақыларын анықтау;

8) ішкі аудиттік қызметін құру, ішкі аудит мүшелерінің санын, өкілетті мерзімін, мамандық талаптарын, басшысын және мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, жұмыс тәртібін анықтау, еңбекақы мөлшерін және сыйақыны төлеу;

9) ішкі аудиттік қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту;

10) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін анықтау, мерзімнен бұрын тоқтату, еңбекақы мөлшерін, сыйақы төлеу шарттарын анықтау;

11) аудиторлық ұйымының қызметіне төлеу мөлшерін, қоғамның акцияларына төленетін немесе ірі мәміленің заты болып саналатын, мүліктің нарықтық құнын бағалайтын бағалаушы қызметіне төлеу мөлшерін анықтау;

12) қоғамның басқармасы туралы ережелерді бекіту, қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (басқарма қоғамның қызметін ұйымдастыруға қабылдайтын құжаттарды алып тастағанда), оның ішінде аукционды өткізу тәртібін, бағалы қағаздарға қол қою тәртібі, директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелер (егер ұйымдастырылса) оларды анықтау, өзгерту және толықтыру, немесе жаңа редакциясын бекіту;

13) қоғамның филиалдары мен өкілеттерін құру және олардың ережелері туралы шешімдерді қабылдау;

14) басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан асатын пайызын сатып алу және олардың қызметіне байланысты шешімді қабылдау;

15) меншік капиталдың он және одан асатын пайызға қоғамның міндеттемелерін көбейту;

16) бұрынғы тіркеушімен шартты бұзған жағдайда жаңа тіркеушіні сайлау;

17) қызметтік, коммерциялық немесе басқа заң бойынша құпия ретінде саналатын қоғамның ақпаратын анықтау;

18) ірі мәмілелерді және қоғамның мүддесі бар мәмілелерді жасасу туралы шешімді қабылдау;

19) қызметтік, коммерциялық немесе заң бойынша құпия ретінде саналатын басқа ақпаратты беруге шек қою;

20) бағалы қағаздарды орнالاتу (сату) оның ішінде орнالاتқан (сатқан) бағалы қағаздардың мөлшерін, жарияланған бағалы қағаздардың мөлшеріне сәйкес, олардың орнالاتу (сату) тәсілі, бағасы туралы шешімді қабылдау;

21) қоғамның резервтік капиталды пайдалану тәртібін анықтау;

22) қоғамның есеп саясатын бекіту;

- 23) қоғамның штат санын бекіту;
- 24) еңбекақы туралы ережелерді және қоғам жұмысшыларының қызметінің схемасын бекіту ;
- 25) қоғамның директорлар кеңесімен келісілген немесе бекітілетін сонымен қатар еншілес және тәуелді заңды тұлғалардың, қоғамның басқарушылары лауазымдарының тізімін анықтау;
- 26) қызмет көліктердің тиістілігінің нормативтерін және әкімшілік аппараты орналастыру орындары көлемінің нормаларын бекіту;
- 27) іссапарға жіберілетін қоғамның жұмысшыларының шығысын өтеу шарттарын және тәртібін анықтау;
- 28) жұмысшыларға берілген ұялы телефондарды пайдалану шығысын өтеу мөлшерін шектеу, өкілдік шығыстарын шектеу, және басқа шектеулерді бекіту;
- 29) қоғамның даму жоспарын (бес жылдық қаржы және бизнес жоспарды, егжей – тегжейлі жылдық бюджетін) бекіту;
- 30) қоғамның тәуекелдікті басқару жөніндегі ішкі процедураларды, тиімділікті талдау және сақтау тәртібін бекіту және оларға өзгерістерді және толықтырылмаларды енгізу;
- 31) қоғам директорлар кеңесінің комитеттерінің, қоғам басқармасының, ішкі аудит қызметінің тиімділігін бағалау жүйесін бекіту;
- 32) корпоративтік басқару кодексын алдын- ала қарастырып акционерлердің жалпы жиналысына ұсыну;
- 33) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының айырықша құзыретіне қатысты емес заңмен және жарғымен көрсетілген басқа мәселелер.
- 9.14. Директорлар кеңесінің айырықша құзыретіне қатысты мәселелер қоғам Басқармасына ұсынылмайды.
- 9.15. Директорлар кеңесінің осы Жарғы бойынша қоғам Басқармасының құзыретіне қатысты мәселелерді шешуге және акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдеріне қарсылықты туғызатын шешімдерді қабылдауға құқығы жоқ.
- 9.16. Директорлар кеңесін сайлау және директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыру тәртібі, осы жарғыда көрсетілмеген жағдайда Заң бойынша анықталады.
- 9.17. Егер тұлға:
- жоғары немесе арнаулы орта білімі жоқ адам болса;
 - сотталғандықтан заңды түрде арылған емес немесе ақталған емес адам болса;
 - бұрын заңды тұлғаның басшысы болған, ол тұлға банкрот болып табылатын немесе банкрот, консервация, мәжбүрлі тарату туралы шешім шыққан күннен бастап бес жыл бойы басшы болған кезде консервацияға, санацияға, мәжбүрлі тартуға ұшыраған тұлға болса
- ол тұлға директорлар Кеңесінің мүшесі бола алмайтын тұлға болып табылады.
- Айтылып кетілген тізім акционерлер жалпы жиналысының шешімімен толықтырылады.
- 9.18. Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу үшін кворумы (жиналымы) директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының 50 пайызынан жоғары болып табылады. Әрбір директорлар кеңесінің мүшесі тек бір дауысқа ие болады.
- Дауыс саны тең болған жағдайда директорлар кеңесі төрағасының немесе директорлар кеңесі мәжілісіндегі төрағалықты атқаратын тұлғаның дауысы шешуші дауыс болып табылады.
- 9.19. Директорлар кеңесінің тек қана директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуыменен жабық мәжілісті өткізетін шешім шығаруға құқығы бар.
- 9.20. Директорлар кеңесінің мәжілісі оның төрағасымен немесе қоғамның Басқармасымен немесе келесі тұлғалардың талабы бойынша шақырылуы мүмкін:

- 1) директорлар кеңесінің қай мүшесі болса да;
- 2) қоғамның ішкі аудиттік қызметі;
- 3) қоғамның аудитін өткізетін аудиторлық ұйым;
- 4) ірі акционер.

9.21. Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыру үшін директорлар кеңесінің төрағасына жазбаша түрде талап етіледі, оның ішінде директорлар кеңесі мәжілісінің күн тәртібі ұсынылады.

Егер директорлар кеңесінің Төрағасы мәжіліс шақырудан бас тартса, бастамашының қоғамның басқармасына талаптануға құқығы бар, аталмыш Басқарма директорлар кеңесі мәжілісін шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе қоғамның Басқармасы шақыру талап етілген күннен бастап он күннің ішінде директорлар кеңесінің мәжілісін шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің мәжілісіне талап еткен тұлға міндетті түрде шақырылады (Жарғының 1), 4), 5), 11), 13)-18), 20), 22), 24)-28), 31) б. 9.13. және басқа мәселелер, көп көлемді қосымшалар және\немесе сараптама өткізу үшін көп уақыт алатын материалдар сонымен қатар бастамашының мәжіліс шақыру талабымен міндетті түрде директорлар кеңесінің төрағасына ұсынылады.

Осы жарғының 9.13 б. басқа тізбеленген мәселелер бойынша талаптар мәжіліс өткізетін күннен он жұмыс күн бұрын беріледі.

9.22. Директорлар Кеңесінің мәжілісі оның өкілеттік мерзімінен бастап әр жылға жасалған кесте бойынша және оған қатысты ұтымдылықтың, тиімділіктің, жүйелеліктің көзқарасын негізделіп шақырылады. Директорлар Кеңесі жылына алты реттен кем емес шақырылады.

9.23. Директорлар Кеңесі өзінің мәжілісін дайындап өткізу жөніндегі ішкі процедураларды әзірлеп оларды сақтайды. Аталмыш процедуралар директорлар Кеңесі қызметінің барлық қажетті параметрларын регламенттейді.

9.24. Директорлар Кеңесі өзінің мәжілістегі бүкіл талқылаған мәселелерді хаттамаға анықтап жазады. Атаулы дауыс беру нәтижесі директордың және корпоративтік хатшының қолдары қойылған хаттамаға еңгізіледі. Қоғам директорлар кеңесі қабылдаған барлық маңызды шешімдердің стенограммасын сақтайды, мысалы ірі мәмілелерді бекіту туралы шешімдер.

9.25. Директорлар кеңесінің мүшелерін мәжіліс шақыру жөнінде хабарлау тәртібі директорлар кеңесімен анықталады. Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің мәжіліске қатыс алмайтындығын қоғамның Басқармасына алдын- ала хабарлау керек.

9.26. Директорлар кеңесінің мәжілісінде сырттай және қатысып дауыс беру мүмкіншілігін беріп өткізіледі, ол дауыс беру түрі нақты негіздеп тағайындалады, сонымен қатар отырыстардың сырттай дауыс беретін түрлерінің саны өте аз болу керек. Тізімі тағайындалған ең маңызды мәселелер тек қана директорлар Кеңесінің қатысып дауыс беретін мәжілістерінде қарастырылады.

9.28. Директорлар Кеңесі мәжілістерінің екі түрі тек ерекше жағдайларда тіркестіріледі. Ол директордың біреуі немесе бірнешеуі (саны 30% пайыздан аспайтын) Директорлар Кеңесі мәжілістеріне қатыса алмайтын жағдайда. Сонымен қатар қатыса алмаған директор қарастырылатын мәселерді талқылауға техникалық байланыс құралдарын пайдаланып сырттай қатыса алады және өзінің пікірін жазбаша түрде ұсынады.

9.29. Мәжілісте қабылданған директорлар кеңесінің шешімі мәжіліс төрағасының және хатшысының қолдары қойылған хаттама түрінде үш күннің ішінде ресімделеді және оның ішінде келесі мәліметтер мазмұндалады:

- 1) қоғамның атқару органның толық атауы және орны;
- 2) мәжілістің күні, уақыты, орны;
- 3) мәжіліске қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) мәжілістің күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер, олардың нәтижелері;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) директорлар кеңесінің шешімі бойынша басқа мәліметтер.

Сырттай дауыс беру директорлар Кеңесін шақыруға құқығы бар тұлғалардың бастамасы бойынша өткізіледі. Сырттай дауыс беру талабы директорлар Кеңесінің төрағасына жазбаша түрде етіледі (егер ол бас тартса- атқару органға), дауыс беруге қойылған мәселе (мәселелер) анық және бір мәнді болу керек.

Сырттай дауыс бергенде дауыс беруге арналған бюллетендердің нысаны бірыңғай болу керек және дауыс беруге арналған мәселе (сұрақ) бойынша материалдар директорлар кеңесі мүшелеріне сырттай дауыс беру жөніндегі талапты алған күннен бастап он күннен кешікпей таратылады (жіберіледі)

Бюллетенде келесі мәліметтер болады:

- 1) қоғамның толық атауы;
- 2) сырттай дауыс беруді өткізуге жауапты бастамашы туралы мәліметтер;
- 3) дауыс беруге арналған бюллетенді ұсынатын түпкілікті күн;
- 4) дауыс беруге қойылған анық және бір мәнді мәселе (сұрақтар);
- 5) дауыс беру нұсқалары "ие", "жоқ", қалыс алу";
- 6) бюллетенді толтыру және сырттай дауыс беру тәртібі бойынша түсіндірулер .

Директорлар Кеңесінің сырттай отырысындағы шешімдері сырттай дауыс беру хаттама ретінде ресімделеді, оған директорлар кеңесі мүшелерінің бюллетендері қосылады. Директорлар кеңесінің Төрағасы және директорлар кеңесінің хатшысы сырттай дауыс беру хаттамасына дауыс беру қорытындысын шығаратын күннен бастап үш күннен кешікпей қолдарын қою керек, хаттамада келесі мәліметтер мазмұндалады:

- 1) қоғамның атқару органның толық атауы және орналасқан жері;
- 2) дауыс беру қортындысының күні, уақыты, орны;
- 3) дауыс берудің қортындысын өткізген тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) директорлар кеңесінің сырттай отырысының күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және дауыс беру қортындысы;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) директорлар кеңесінің шешімі бойынша басқа мәліметтер.

9.31. Директорлар кеңесі мәжілісінің хаттамалары және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған директорлар кеңесінің шешімдері қоғамның мұрағатында сақталады.

Директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша директорлар кеңесінің хатшысы талапты алған күннен бастап екі жұмыс күннің ішінде директорлар кеңесі мәжілісінің хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді, сол директорлар кеңесі мүшесіне танысу үшін және\немесе қоғамның уәкілетті жұмысшысының қолы қойылған және қоғамның мөрі салынған хаттаманың және шешімнің үзінді көшірмелерін беруге міндетті

Басқарма.

9.32. Басқарма- алқалы атқару орган ол қоғамның басқа органдарының және лауазымды адамдардың құзыретіне қатысты емес қоғамның қызметі туралы мәселелер

жөніндегі шешімдерді қабылдайды сонымен қатар қоғамның ағымдағы қызметін атқарады.

9.33. Қоғамның Басқармасы директорлар Кеңесінің және акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерін жүзеге асыруға міндетті.

9.34. Қоғамның Басқармасы құрамы төрт адамнан кем емес болу керек және директорлар Кеңесімен сайланған Басқарма Төрағасымен басқарылады.

9.35. Қоғам Басқармасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының Заңдарымен, осы Жарғымен, және қоғам және оның әр мүшелерінің арасындағы жасалған еңбек шарттармен анықталады. Басқарманың басқа мүшелерінің еңбек шарттарында Басқарма Төрағасының қолы қойылады.

9.36. Келесі мәселелер қоғамның басқармасының құзыретіне қатысты:

- 1) қоғамның мақсаттарына жетуге арналған шешімдерді қабылдау;
- 2) қоғамның даму жоспарын (бес жылдық қаржы және бизнес жоспарды), егжей –тегжейлі жылдық бюджетін дайындау, бекіту және директорлар Кеңесіне ұсыну;
- 3) қоғамның даму Жоспарын жүзеге асыру (бес жылдық қаржы және бизнес жоспарды), егжей –тегжейлі жылдық бюджетін жүзеге асыру;
- 4) ішкі бақылау және тәуекелдікті басқару тәртіптерін дайындау және қолдану;
- 5) тәуекелдікті басқару жүйесінің елеулі кемшіліктер туралы директорлар кеңесіне мерзімді хабарлау;
- 6) қоғам қызметіне арналған ішкі құжаттарды бекіту, директорлар кеңесімен бекітілетін құжаттарды алып тастағанда;
- 7) штат кестесін және қоғам құрылымын бекіту, қоғамның орталық аппаратының жұмысшыларының директорлар кеңесімен бекітілген штат санын есепке алғанда;
- 8) қоғамның акциялары бойынша акционерлерге дивидендтердің болжамды көрсеткіштерін жиырмамынша наурызға дейін жоспарланған жылдан бұрын ұсыну ;
- 9) мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау, заң және\немесе жарғы бойынша қоғамның басқа органдарының, қоғам Басқармасы Төрағасының құзыретіне қатысты мәмілелерді алып тастағанда;
- 10) директорлар Кеңесінің, акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерін орындауын, жылдық қаржы есептемесінің аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымының сонымен қатар ішкі аудиторлық қызметінің ұсыныстарын орындауын бақылау;
- 11) қоғамның мүлкіне байланысты заңсыз әрекеттер мен жағдайларды туғызатын себептерін табу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;
- 12) Директорлар кеңесінің және акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне қатысты емес Қазақстан Республикасының заңдарында және осы жарғыда көрсетілген басқа мәселелер.

9.37. Басқарманың Төрағасы қоғамның бірінші басшысы болып табылады және қоғамның қызметін басқарады.

9.38. Басқарманың Төрағасы келесі функцияларды атқарады:

- 1) акционерлердің жалпы жиналысының, директорлардың кеңесінің және қоғам Басқармасының шешімдерін жүзеге асыруды ұйымдастырады;
- 2) үшінші тұлғалармен қарым- қатынас еткенде қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет жасайды;
- 3) үшінші тұлғалармен қарым- қатынас ету үшін сенімхатты береді;
- 4) Қазақстан Республикасы заңдарының және осы жарғының талаптарын есепке алып қоғамның атынан азаматтық- құқықтық шарттарға қол қояды ;
- 5) директорлар Кеңесіне және акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне қатысы емес қоғамның қызметі туралы мәліметтерге байланысты нұсқау- бұйрықтарды және өкімдерді шығарады;

- 6) статистикалық есеп- қисапты жүргізуді ұйымдастырады;
- 7) жыл сайын директорлар Кеңесіне және қоғам акционерлердің Жалпы жиналысына қоғамның даму жоспарын жүзеге асыру туралы есебін (үш жылдық орташа мерзімді бизнес жоспар) ұсынады ;
- 8) Мүліксіз мәмілелерді және нәтижесіндегі қоғамның меншікті капиталы мөлшерінің екі пайызын құратын мүлікті сатып алу немесе иеліктен шығару (сатып алуға немесе иелектен шығаруға болатын) жөніндегі мүліктік мәмілені жасасады;
- 9) Ірі акционерлерге:
- қоғамның қаржы шаруашылық қызметі туралы есепті ірі акционерлермен анықталған нысандар және мерзімдер бойынша жасалған;
 - қоғамның даму жоспарын жүзеге өткізу туралы есептер (үш жылдық орташа мерзімді бизнес жоспар), қоғам бюджетін ірі акционерлермен анықталған нысандар мен мерзімдерге сәйкес;
- 10) қоғамның басқармасы Төрағасымен директорлар Кеңесі Төрағасының шетелдік іссапары жөнінде келісім жасайды;
- 11) қоғамның жұмысшыларын жұмысқа алу, аудару және жұмыстан босату (заңмен тағайындалған жағдайларды алып тастағанда, оларға көтермелеу шараларды және тәртіпті бұзу салдарынан жаза тартқызу) қоғамның жұмысшыларына заңдарға және ішкі құжаттыққа сәйкес, жалақы қорының мөлшерінен аспайтын еңбекақы және сыйақы беру туралы мәселелерді шешеді;
- 12) қоғамның жұмысшыларымен, оның ішінде белгіленген тәртіп бойынша ішкі аудит қызметінің жұмысшыларымен және басқарма мүшелерімен еңбек шартты жасасады және бұзады;
- 13) қоғамның ішкі құжаттарымен тағайындалған тәртібі бойынша, филиалдардың және қоғамның өкілдіктерінің басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;
- 14) өзі болмаған кезде өзінің міндеттерін қоғам Басқармасының бір мүшесіне жүктейді;
- 15) басқарма мүшелерінің арасындағы өкілеттік және жауапкершілік саласындағы міндеттерді бөледі;
- 16) жалпы жиналыс арқылы оған табысталған басқа өкілеттікті жүзеге асырады, осы жарғыға сәйкес сол органдардың айрықша құзыретіне қатысты мәселелерді алып тастағанда.

9.39. Қоғам басқармасының мүшесі тек қана директорлар кеңесінің келісуімен басқа ұйымдарда жұмыс істей алады.

Басқарма Төрағасының атқару органның басшысы болуға немесе басқа заңды тұлға ретінде атқару органның жекеше басқаруын атқаруға құқығы жоқ.

9.40. Басқарманың шешімдері басқарма мүшелерінің жай көпшілікпен дауыс беріп қабылданады және хаттамамен ресімделеді. Басқарма мәжілісін шақыру, дайындау және өткізу тәртібі, шешімді қабылдау тәртібі Қоғам директорларының кеңесімен бекітілетін басқарма туралы ережелермен реттеледі.

Дауыс саны тең болған жағдайда Басқарма төрағасының дауысы шешуші дауыс болып табылады

Қоғамның ішкі аудит қызметі .

9.41. Ішкі аудит қызметі қоғамның қаржы және қожалық жұмыстарын атқару, ішкі бақылау және тәуекелдікті басқару, қоғамның қызметін жетілдіруге мақсатталған

корпоративтік басқару және кеңес беру саласындағы құжаттарды дайындау үшін директорлар Кеңесінің шешімімен құрылу мүмкін.

9.42. Ішкі аудит қызметі Қазақстан Республикасының заңдарын, осы жарғыны және қоғамның директорлар кеңесімен бекітілген ішкі аудит туралы ережелерді негізденіп өзінің қызметін атқарады

9.43. Ішкі аудит қызметі директорлар кеңесіне тікелей бағынады және оған есеп береді.

10 Бап. Корпорацияның хатшысы

10.1. Корпорацияның хатшысы – директорлар Кеңесінің хатшысы, ол қоғамның директорлар Кеңесінің жұмысын ұйымдық ақпаратпен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысшы болып табылады.

Корпорацияның Хатшысы Қазақстан Республикасы заңдарының нормалары мен шарттарын, осы Жарғының шарттарын және қоғамның басқа ішкі құжаттарын қоғаммен және оның органдарымен орындауға бағытталған тәртіптерді органдармен, лауазымды адамдармен, қоғамның жұмыскерлерімен сақтауын қамтамасыз етеді.

10.2. Корпорацияның Хатшысы директорлар Кеңесінің төрағасына және оның мүшелеріне бағынады және олардың алдында жауапты болады.

10.3. Корпорация Хатшысының мәртебесі, қызметі және міндеттері қоғамның ішкі құжаттары бойынша анықталады.

11 Бап. Ақпаратты ұсыну және алу

11.1. Қоғам өзінің акционерлерінің мүдделерін қозғайтын Заң және осы Жарғы бойынша аталмыш акционерлерге өзінің қызметі туралы ақпаратты хабарлайды.

11.2. Келесі ақпарат қоғам акционерлерінің мүдделерін қозғайтын ақпарат болып саналады:

1) акционерлердің жалпы жиналысымен және директорлар Кеңесімен қабылданған шешімдер және қабылданған шешімдер туралы ақпарат;

2) акцияларды және қоғамның басқа бағалы қағаздарды шығару және қоғамның бағалы қағаздарды орналастыру нәтижелері туралы есептер, қоғамның бағалы қағаздары бойынша борышты өтеу нәтижелер туралы есептер, қоғамның бағалы қағаздарының күшін жою;

3) қоғамның ірі мәмілелерін және қоғамның мүдделігі бар мәмілелерін жасау;

4) қоғамның меншікті капиталының мөлшерінен он және одан аса пайызына қарыз алу;

5) қоғам қызметінің қай түрін болса да жүзеге асыруға лицензияны алуы, қызметтің қай түріне болса да бұрын алынған лицензияның заңды күшін тоқтату немесе жою;

б) қоғамның заңды тұлғаны құру жұмысына қатысуы;

7) қоғамның мүлкіне тыйым салуы, мүлікті кепілге салуы немесе мүліктің басқа ауыртпалығы;

8) төтенше жағдайлардың пайда болуы, оның нәтижесінде қоғам активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан аса пайызын құратын баланстық құнына қоғамның мүлкі жойылған;

9) қоғамды және оның лауазымды адамдарын әкімшілік, қылмыстық, азаматтық жауапкершілікке тарту;

10) қоғамды мәжбүрлі қайта құру жөніндегі шешімдер;

11) қоғамның Жарғысына сәйкес оның акционерлерінің мүдделерін қозғайтын басқа ақпарат

11.3. Қоғамның қызметі туралы ақпарат акционерлерге ол ақпарат шыққан күннен бастап 30 күнтізбелік күннің ішінде web-сайт www.mrek.kz арқылы жарияланады.

Егер, жоғары аталған web-сайт жасамаса, немесе ол сайт бұқаралық ақпарат құралдарға Заң бойынша уәкілетті орган қойған талаптарға сәйкес болмаса ол ақпарат мемлекеттік көтере сатып алу туралы заңдарға сәйкес қоғаммен тағайындалған баспасөз басылымдар арқылы жарияланады.

11.4. Қоғам Кеңесінің шешімімен анықталған қоғамның қызметіне қатысты құжаттар қоғам қызметінің бүкіл мерзімге дейін қоғам Басқармасының мекен жайында немесе басқа орында сақталады.

Келесі құжаттар сақталуға тиісті:

1) Жарғы, жарғыға еңгізілген өзгерістер мен толықтырмалар;

2) қоғамды заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік;

3) қоғамның статистикалық қарточкасы;

4) қоғамға қызметтің белгілі түрлерімен айналысуға немесе белгіленген әрекетті жасауға берілетін лицензия;

5) қоғамның баланстағы бар (болған) мүлікке құқықты растайтын құжаттары;

6) қоғамның бағалы қағаздарын шығару анықтамалықтары;

7) қоғамның бағалы қағаздарының шығаруын мемлекеттік тіркеу, бағалы қағаздардың күшін жою, сонымен қатар қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру, қоғамның бағалы қағаздары бойынша борышын өтеу нәтижелері туралы бекітілген есептерін растайтын және бағалы қағаздардың нарығын реттеу және бақылау жөніндегі уәкілетті органдарға ұсынылатын құжаттар;

8) қоғамның өкілдіктері және филиалдары туралы ережелер;

9) акционерлердің жалпы жиналысының хаттамалары, акционерлердің жалпы жиналыстанының күн тәртібі туралы материалдары;

10) акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге жасалған тізімі;

11) директорлар Кеңесінің мәжіліс хаттамалары (сырттай дауыс беру мәжілістің шешімдері) Директорлар Кеңесінің күн тәртібі сұрақтарының материалдары;

12) қоғам Басқармасы мәжілісінің (шешімдері) хаттамалары;

13) қоғамның (қолданыста болған кезде) корпоративтік басқару кодексы.

11.5. Басқа құжаттар, оның ішінде қоғамның қаржы есептемесі, Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мерзімге дейін сақталады.

11.6. Қоғам акционердің талабы бойынша оған Қазақстан Республикасының заңдарымен және Жарғымен белгіленген құжаттардың көшірмелерін беруге міндетті. Қоғамның қызметі туралы акционерге мәлім болған «Құпиялы», «Қызмет үшін пайдалануға» деген белгі соғылған ақпараттарды үшінші тұлғаларға жазбаша немесе басқа түрде табыстауға тиым салынады. Аталмыш ақпаратты акционер құпия ретінде сақтау керек. Құпия ақпаратты ашып көрсету тек қана қоғам Басқармасы Төрағасының

келісімін алғаннан кейін мүмкін, әйтпесе акционер Қазақстан Республикасының заңдары бойынша оған жауапкершілігін көтереді.

Қоғам акционері қоғам қызметі туралы қоғам акционерлерінің мүдделерін қозғайтын ақпаратты жазбаша талап еткен кезде Заң бойынша қоғам сол талапты алған күннен бастап 10 жұмыс күннің ішінде талапты орындау керек, қоғам акционерлердің жалпы жиналысымен басқа шарттар тағайындалмаған жағдайда.

Қоғам Заңмен көрсетілген құжаттардың көшірмелерін қоғам акционерінің жазбаша талабы бойынша ол талабын алған күннен бастап 10 жұмыс күннің ішінде беруге міндетті.

Құжаттардың көшірмелерін жасауға және құжаттарды акционерге жеткізуге байланысты төлем мөлшерін қоғамның Басқармасы бекітеді, бекітілген төлем мөлшері құжаттардың көшірмелерін жасау үшін жұмсалған шығысының мөлшерінен аспайтын болады.

Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпарат коммерциялық, қызметтік немесе басқа заңмен белгіленген шектеулерді есепке алып, құпиялы ақпараттар акционерге хабарланады.

11.7. Қоғам аталмыш тұлғалар немесе қоғамның тіркеушілер ұсынған ақпараттарды негізденіп өзінің қосылма тұлғаларын есепке алады.

11.8. Тұлға, қоғамның ірі акционер немесе лауазымды адамы ретінде, қоғамның ірі акционері немесе лауазымды адам есебіне санайтын негіздемесінің пайда болған мезгілінен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күннің ішінде қоғамның басқару органына жазбаша түрде қолын қойып, ал заңды тұлғаларға мөрін қойып өзінің қосылма тұлғалары жөніндегі ақпаратты ұсынуға міндетті:

1) жеке тұлғаларға – тегі, аты, әкесінің аты (болса), туған күні, қосылудың, қосылу күнін тану негіздемелері;

2) заңды тұлғаларға – толық атауы, мемлекеттік тіркеудің күні, нөмірі, пошталық мекен жайы, нақты орны, қосылудың, қосылу күнін тану негіздемелері.

Егер мәліметтер өзгерсе, қоғамның ірі акционері немесе лауазымды адамы болып табылатын тұлға өзгерістерді білген мезгілден бастап жазбаша түрде жеті күннің ішінде қоғамды хабарландыруға міндетті.

12 Бап. Қоғамның қаржы есебі және аудиті

12.1. Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржы есепті жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есеп туралы заңдарына және қаржы есептің халықаралық стандарттарына сәйкес жасалған және Қоғамның директорлар Кеңесімен бекітілген есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады. Қаржы есебіне қосымша қоғамның Басқармасы акционерлердің жалпы жиналысына аудиторлық есепті, оның ішінде аудитордың ұсыныстарын (басшылыққа жазылған хат) ұсынады.

12.2. Қоғамның қаржы есебі бухгалтерлік балансты, шығыс пен табыс есебін, қолма-қол ақша қозғалысы туралы есебін, меншікті капиталдың өзгерісі туралы есебі және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есеп туралы заңдарына сәйкес басқа есептерді өзіне кірістіреді.

12.3. Қоғамның басқармасы жыл сайын акционерлердің жалпы жиналысына талқылау және бекіту үшін Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес жылдық қаржы есепті ұсынады.

12.4. Жылдық қаржы есебі директорлар кеңесінде жылдық акционерлік жалпы жиналысы өткізетін күннен бұрын отыз күннен кешікпей алдын-ала бекітіледі.

12.5. Қоғамның жылдық қаржы есептемесі акционерлердің жылдық жалпы жиналысында біржола бекітіледі.

12.6. Қоғам уәкілетті органмен белгіленген мерзімнің ішінде жылдық бухгалтерлік балансты, табыс пен шығыс туралы есепті, қолма-қол ақша қозғалысы туралы есепті, меншікті капиталдың өзгеру туралы есепті бұқаралық ақпарат құралы арқылы міндетті түрде жыл сайын жариялайды. Қоғам жылдық қаржы есептемесімен бірге аудиторлық есепті жариялауға міндетті.

12.7. Қоғам жыл біткеннен кейін 90 (тоқсан) күннен кешікпей белгіленген тәртіп бойынша қаржы есептемесінің және аудиттың халықаралық стандарттарына сәйкес жылдық қаржы есебі аудитты жүргізуін қамтамасыз етеді.

13 Бап. Қоғамды қайта құру мен тарату

13.1. Қоғамды қайта құру және тарату акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңдарымен қарастырылған басқа негіздемелеріне орай жүзеге асырылады.

13.2. Қоғамды қайта құру және тарату Заңмен және басқа Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілермен реттеледі.

14 Бап. Қорытынды шарттар

14.1. Егер Жарғы шартының қай-қайсысының заңды күші жойылса ол жағдай жарғының қалған шарттарының заңды күшіне әсер етпейді. Заңды күші жойылған шарт Қазақстан Республикасының заңдарының талаптарына сәйкес басқа шарттармен алмастырылады

14.2. Жарғы заңда белгіленген тәртіппен тіркелген күннен бастап заңды күшіне енеді

«Маңғыстау электртораптық бөлу компаниясы» АҚ
Басқарма Төрағасы

С. Сулейменов

